

В данной статье предусмотрена необходимость создания резерва по очередным отпускам и требования, произведенные международными стандартами финансовой отчетности. Были продемонстрированы некоторые трудные стороны формирования резерва по очередным отпускам, предложены пути решения. По различным методикам были отражены пути создания резерва, определены эффективность для предприятия. Кроме того, представлены бухгалтерские записи по данному созданному резерву.

К. Madiyeva, G. Khassenova, I. Nurzhanova

**KEEPING RECORDS AND THE NEED TO CREATE A RESERVE
FOR PAYMENT OF THE NEXT VACATION**

Annotation

To reveal the essence of calculating the reservation for the payment of the next vacation of employees, it is necessary to answer the following questions: what is the need to create a reserve for vacations and why enterprises can not take into account the costs when sending an employee on another vacation?

The answers to these questions can be viewed from both sides. First, the creation of a reserve is enshrined in the international financial reporting standard. Secondly, in our country, according to the current labor legislation, employees are allowed to use regular work leave for subsequent reporting periods. Therefore, if the employee does not want to use the next work leave that belongs to him in the reporting period, the company has a debt to the employee at the next stage. At the enterprise, these costs are mandatory, which can be in the form of accrued leave, or in the form of compensation for leave. And this depends only on the time.

This article provides for the need to create a reserve for regular holidays and the requirements made by international financial reporting standards. Some difficult aspects of forming a reserve for regular holidays were demonstrated, and solutions were proposed. Using various methods, the ways of creating a reserve were reflected, and the efficiency for the enterprise was determined. In addition, accounting records for this created reserve are presented.



DOI 10.52260/2304-7216.2020.3(40).16
ӘОЖ 336.717
FTAMP 06:71:25

Н. Хамитхан*, *PhD докторанты*
Н.В. Кабашева, *э.ғ.к., доцент*
«Қаржы академиясы» АҚ
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
e-mail: Nazen67@mail.ru

* - негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

**БАНКАРАЛЫҚ БӘСЕКЕЛЕСТІКТЕ «КҮШТІ БАНК ЖҮЙЕСІН» ҚҰРУДАҒЫ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР: ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ**

Мақалада банк секторының бәсекеге қабілеттілігін және қаржылық тұрақтылығын арттыру мақсатында қажетті талаптарға сәйкес болмауын анықтау мәселесі туындап отыр. Сол себепті, ҚР банк секторының бәсекеге қабілеттілікте сапалы өнім ұсыну мен қызмет

көрсету мақсатында «күшті банк жүйесін» құрудағы қаржылық инновациялардың өзгерістерін бағалау үшін Д. Синки «ФОКУС» («ҚАККТ») тұжырымдамасына сүйене отырып, банк активтерін басқару сапасын арттыру қажеттілігі туындады. Банк активтерін басқару сапасы активтердің өтімділігімен (кредит портфелінің сапасына) тікелей байланысты. Зерттеу объектісі ретінде банк секторының белсенді қызметі таңдалды. Осы зерттеулерді жүргізе отырып, банк секторының кредит портфелінің сапасы құрылымына, заңды және жеке тұлғалардың кредит портфелінің сапасы құрылымына талдау жүргізе отырып, проблемалық несиелердің әр жыл сайынғы жағдайына баға берілді. Сондықтан 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздарды ХҚЕС бойынша провизиялармен жабу коэффициентін анықтаумен байланысты болғандықтан, мемлекеттің қаржылай қолдауымен проблемалық несиелерді стандартты несиелермен алмастыруға мүмкіндік бере отырып, проблемалық несиелердің есептен шығарылғаны атап көрсетілді. Соның ішінде заңды және жеке тұлғалардың күмәнді және үмітсіз несиелер көлемі талдау арқылы салыстырмалы түрде бағаланып, қорытынды берілді.

Кілт сөздер: бәсекеге қабілетті, «күшті банк жүйесі», қаржы инновациясы, активтерін басқару сапасы, кредит портфелінің сапасы, проблемалық несиелер, банк өнімі, өтімпаздық, қатаң қадағалау, қаржылық жағдайының тұрақтылығы.

Ключевые слова: конкурентоспособный, «сильная банковская система», финансовые инновации, качество управления активами, качество кредитного портфеля, проблемные кредиты, банковские продукты, ликвидность, жесткий надзор, стабильное финансовое положение.

Keywords: competitive, «strong banking system», financial innovation, asset management quality, quality of loan portfolio, problematic loans, banking products, liquidity, strict observation, stable financial position.

Кіріспе. ЕДБ-дің дәстүрлі қызметі – кредит беру мен салымдарды тарту. Ал негізгі банк өнімі – клиенттерге кредит беру. Кредит ақша түрінде емес, капитал түрінде де беріледі. Банктің негізгі мақсаты кредиттің өсімі арқылы пайда табу болса, клиенттің негізгі мақсаты алынған несиені шаруашылығында айналым капиталына салып, жағадан жасалған құн есебінде қайтадан банкке алғашқы көлемінен үстеме пайызға өсіп қайтарылуы қажет. Өкінішке орай, банк секторында осы талаптарға сай несиелер берілмеген жағдайда, проблемалық несиелер көлемі артып отырады. Соның ішінде жеке тұлғаларға көбінесе мақсатты емес тұтыну несиелері көп беріледі. Сондықтан мақаланың өзектілігі – кредиттердің қайтарылуының сенімділігін жоғарылатуда, банктердің кредит портфелінің сапасын дұрыс басқаруда жаңа мүмкіндіктер мен қатаң қадағалауды біріктіре отырып, күшті банк жүйесін құру.

Мақаланың мақсаты – банк секторының активтердің өтемпаздығы құрамын-

дағы кредит портфелінің сапасын талдау арқылы бағалай отырып, проблемалық несиелердің шешу жолдарын қарастыру. Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттері қарастырылатын болады:

– «күшті банк жүйесін» құрудағы өзекті мәселелерді анықтауда түсінік беру;

– банктердің бәсекелестікке қабілеттілігін жоғарылатуда банк активтерінің сапасын талдау;

– банк активтерін тиімді басқаруда 2010-2019 жылдар аралығындағы кредит портфелі сапасының құрамын (соның ішінде заңды және жеке тұлғалардың) талдап және бағалай отырып, мәселелерді шешу жолдарын ұсыну.

Зерттеу барысында «танымның ақпараттық, математикалық, логикалық» және «теориялық зерттеу әдістері» (проблемалық мәлімдеме, талдау, салыстыру, нақтылау) қолданылды.

Әдебиеттік шолу. Экономиканың нақты секторындағы кәсіпорындардың дамуы тұрақты банк жүйесін құруды талап етеді,

оның басты ерекшелігі – заңды және жеке тұлғалардың қаражаттарды тарту және оларға несие беру арқылы орналастыруға қажеттілігін уақытылы және толық қанағаттандыру, сондай-ақ есеп айырысу жүйесінің тиімді жұмыс істеуі арқылы бәсекелестікке төтеп беруде «күшті банк жүйесін» құрудағы өзекті мәселелерін айқындай отырып, талдау жасалды және шешу жолдары қорытындыда көрсетілді.

Сондықтан шетелдік ғалым Дж. Синки [1] еңбегінде банктер тар банк саласында емес, қаржылық қызмет көрсету индустриясында жұмыс істейтіндіктен, «олар қайда қозғалады» және «алға қойған мақсатқа қалай жету керек» туралы, міндетті қаржылық инновациялардың өзгерістерін бағалау туралы нақты айтылған. Отандық ғалымдар Садвокасова К.Ж. [2], Хамитов Н.Н. [3] еңбектерінде қазіргі кездегі екінші деңгейлі банктердің дәстүрі қызметтерінің бірі – несиелендіру қызметі активтер сапасының негізгі көрсеткіштеріне қатысты болғандықтан, теориялық мәселесіне, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» [4] заңда көрсетілген талапқа сай Қазақстан банк секторының қызметіне, соның ішінде активтердің сапасына зерттеу жүргізілді. Банктер несие қоржынын қайтарымсыз қарыздан тазартуда проблемалық қарыздың орнын сапалы несиелер ауыстыруына ықпал етуі мен несие қоржынындағы үлесі үлкен екінші деңгейлі банктер арасында бәсекелестікті зерттеу жалғасын табады.

Негізгі бөлім. Соңғы қаржы дағдарысының әлемдік экономикаға ықпалынан сабақ алу, банктердің осы жағдайда тұрақтылықты сақтау үшін, банк секторының бәсекеге қабілеттілігін және қаржы күйзелістеріне тұрақтылығын арттыру мақсатында қажетті талаптарға сәйкес болмауын анықтау мәселесі туындап отыр. Осыған байланысты 2018 жылдың 4-тоқсанындағы Қазақстанның банк секторы бойынша Fitch агенттігінің есебіне сүйене отырып, елде «проблемалы қарыздар және/немесе мен-

шікті капиталға қатысты бейінді емес активтер бар» әлсіз банктер бар. Бұл банктер өз мәселелерін өз бетімен шеше алмайды, сондықтан мемлекет осы әлсіз банктерді ірі банктерге біріктірді [5].

Қаржылық инновациялардың өзгерістерін бағалау үшін Дж. Синки «ФОКУС» («ҚАККТ») тұжырымдамасын ұсынды.

Ф – қаржылық және операциялық ашықтықты білдіреді.

О – ақпараттық технологияларды меңгеру.

К – капитал (оның барабарлығы).

У – клиент үшін күрестің табысты болуы.

С – тәуекел дәрежесі.

Оның пікірінше, бұл қозғаушы күштер қаржы инновациясын қызығушылықпен ұштастырады.

$$FOKUC + Mудде = Қаржылық инновация. \quad (1)$$

Пайдалы инвестициялық мүмкіндіктерді іздеуді білдіреді [1, 13-14 б., 2].

Фокустың компоненттері қаржылық қызметтер индустриясын қалыптастырады және қаржылық инновацияларды ынталандырады.

Америкалық реттеуіштердің пікірінше, келесі формула елдің банк жүйесінің сенімділігін анықтайды.

$$Жаңа мүмкіндіктер + Қатаң қадағалау = Күшті банк жүйесі. \quad (2)$$

Тұтастай алғанда (2) формуланың компоненттері тікелей тәуелді: банктерге мүмкіндіктер мен бостандықтар көп болған сайын қадағалау қатаң болуы тиіс, яғни тәуекел дәрежесінің мониторингін көрсету және бағалау. Тек осы жағдайда ғана банк ісі табысты дамиды болады. Бұл формула дамыған және дамушы елдерде де тең табысқа ие болуы мүмкін [1, 41 б.].

Сол себепті, «күшті банк жүйесін» құру үшін банк қызметінің сапасын жақ-

сарту арқылы банктердің бәсекелестікке қабілеттілігін жоғарылату мақсатында банк активтерін басқару сапасын арттыру қажет. Банк активтерін басқару мақсаты – меншікті және тартылған қаржыларды тиімді орналастыру негізінде банктің ең үлкен активтерді басқару сапасы тікелей бірнеше көрсеткіштерге ықпал жасайды:

- өтемпаздығы;
- пайдалылығы;
- сенімділігі;
- банктің тұрақтылығы.

Активтердің өтемпаздығы құрамындағы кредиттердің үлестік салмағының тұтастай көбеюі банктің өтемпаздық көрсеткіштерінің және активтерді басқарудың нашарлауына әкеледі, яғни банк балансының өтемпаздығына кредиттердің қайтарылуының сенімділігі және банктердің кредит портфелінің сапасын дұрыс басқару тікелей ықпал жасайды [3, 37 б.].

Қазақстан Республикасының банк секторын несиелік портфелінің сапасына талдау жасай отырып бағалаймыз (1-кесте).

Кесте 1

ҚР банк секторы несиелік портфелінің сапасы *

трлн теңге

Көрсеткіштің атауы / күні	2010	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019
Банктік қарыздар, оның ішінде:	9,1	13,35	14,18	15,55	15,51	13,59	13,76	14,74
Негізгі борыш және/немесе есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ қарыздар	2,4	8,75	10,26	13,44	13,61	11,60	11,77	12,94
1 күннен 30 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар	2,2	0,21	0,36	0,48	0,46	0,29	0,50	0,41
31 күннен 60 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар	1,5	0,09	0,16	0,26	0,21	0,31	0,35	0,08
61 күннен 90 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар	1,2	0,14	0,07	0,15	0,18	0,12	0,13	0,12
90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар	11,8	4,16	3,34	1,24	1,04	1,27	1,02	1,20

* Автормен құрастырылған. Дерек көзі [6, 7]

Қажетті резервтердің мөлшерін анықтау тәуекелінің дәрежесіне байланысты, кредиттік активтер (несиелік қарыз) бес топқа бөлінеді [3, 40 б.].

Бірінші топ – несиенің уақытылы толық қайтарылуы.

Екінші топ – қаржылық жағдайы тұ-

рақты, 1 күннен 30 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар.

Үшінші топ – қаржылық жағдайы күдікті қарыз алушыларға берілген кредиттер (31 күннен 60 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар). Одан басқа, қарыз алушылар несиені жабу мерзімін бірнеше

рет ұзартып, басқа банктен несие алу арқылы қарызды өндіріп алу фактісі болды.

Төртінші топ – жеткілікті пайда ала алмаған және ұзақ мерзімді қарызы бар (61 күннен 90 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар) қаржысы жеткіліксіз құрылған қарыз алушыларға ұсынылған қарыздар.

Бесінші топ – өтемпаздығы жоқ балансты қарыз алушы мен банкроттығы мойындалған (90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар) қарыз алушыға берілген қарыз.

1-кестеде банк секторы несие портфелінің сапасы бойынша банктік қарыздар 2019 жылы 14,74 трлн теңгені құрап, 2010 жылдан 2017 жылға дейін 9,1 трлн теңгеден 15,51 трлн теңгеге көбейген. 2019 жылғы көрсеткіш 2010 жылмен салыстырғанда 5,64 трлн теңгеге, 2018 жылмен салыстырғанда 0,98 трлн теңгеге артқан.

2010 жылдан банк секторы несие портфелінің сапасы бойынша банктік қарыздардың көп мөлшері, 2020 жылға дейін негізгі борыш және/немесе есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ қарыздар 2,4 трлн теңгеден 12,94 трлн теңгеге өскен.

1 күннен 30 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар 2019 жылы 0,41 трлн теңге құраса, 2010 жылмен салыстырғанда 1,79 трлн теңге, 2018 жылмен салыстырғанда 0,09 трлн теңге кеміген. Несие портфелінің сапасы бойынша екінші топқа жатқызуға болады, яғни қаржылық жағдайы тұрақты.

31 күннен 60 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар 2019 жылы 0,08 трлн теңгені көрсеткенімен, 2019 жылы 2013 жылмен салыстырғанда 288,9%-ға, 2017 жылмен салыстырғанда 12,9%-ға өсті. Үшінші топқа қаржылық жағдайы күмәнді қарыз алушыларға берілген кредиттер жатады, яғни басқа банктен несие алу арқылы қарызды өндіріп алу фактісі болды.

61 күннен 90 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар 2019 жылы 0,12 трлн

теңге құраса, 2013 жылмен салыстырғанда 90%-ға азайды, 2018 жылмен салыстырғанда 1,08%-ға кеміді. Төртінші топ қаржылық жағдайы күмәнді санатында болғанымен, әр жыл сайын азайып отырған.


90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар 2019 жылы 1,20 трлн теңге құраса, 2013 жылмен салыстырғанда 85,8%-ға төмендеген, 2018 жылмен салыстырғанда 17,6%-ға көбейген (бесінші топта төлем қабілеттілігі жоқ қарыз алушыларды айтуға болады). 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздардың төмендеуі жоғарыда айтылғандай 2017-2019 жж. аралығында мемлекеттің қаржылай қолдауымен проблемалық несиелерді стандартты несиелермен алмастыруға мүмкіндік бере отырып, проблемалық несиелерді есептен шығаруымен байланысты.

Сол себепті, ХҚЕС бойынша провизиялар 2013-2019 жылдар аралығында 2,86 трлн теңге немесе 61,6%-ға төмендеді. Соның ішінде 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздарды ХҚЕС бойынша провизиялармен жабу коэффициенті 36,6%-ға төмендеген [6,7].

Moody's агенттігінің сарапшылары атап өткендей, соңғы екі жылда ЕДБ-нің проблемалық несиелерін жабуға немесе кейінге қалдыруға мүмкіндік берген мемлекеттік қолдаудың арқасында несие қоржыны біршама жақсарып қалған. Оған қоса, проблемалық қарызды есептен шығару, кепілде тұрған дүниені сату бойынша жұмыстар атқарылып жатыр, ол өз кезегінде проблемалық қарыздың орнын сапалы несиелер ауыстыруына ықпал етеді деп тұжырымдайды.

Жалпы алғанда, банктер несие қоржынын қайтарымызсыз қарыздан тазартуға тырысқанына қарамастан, несие қоржынындағы NPL 90+ үлесі үлкен ЕДБ-лер де бар [8].

Осы зерттелген несие портфелінің сапасына төмендегі кестелердегі заңды және жеке тұлғалардың қарыздарының сапасына талдау жүргізіп, баға береміз (1, 2-суреттер).



Сурет 1. Заңды тұлғалар қарыздарының сапасы (трлн теңге) *

* Автормен құрастырылған. Дерек көзі [6, 7]

Негізгі борыш және/немесе есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ қарыздар 2018 жылы 3,6 трлн теңгені құрап, 2013 жылмен салыстырғанда 0,66 трлн теңгеге немесе 15,5%-ға төмендесе, 2017 жылмен салыстырғанда 0,3%-ға азайған.

1-суретте 1 күннен 30 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар 2013 жылдан 2016 жыл аралығында 0,06-дан 0,18 трлн теңгеге өссе, 2019 жылы 0,15 трлн теңгені құрады, яғни 2013 жылмен салыстырғанда 0,09 трлн теңгеге көбейген.

31 күннен 60 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар 2019 жылы 0,01 трлн теңгені құрап, 2013 жылмен салыстырғанда 0,01 трлн теңгеге көбейген. Ал 2017 жылмен салыстырғанда 0,05 трлн теңгеге төмендеген.

61 күннен 90 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар 2013-2019 жыл аралығында 0,04 трлн теңгеге немесе 55,6%-ға төмендеген.

2013 жылы 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар заңды тұлғалар қарыздарының 145,7%-ын құраса, 2019 жылы 0,21 трлн теңге құрап, 2013 жылмен салыстырғанда 14,5 есеге кеміді.

ХҚЕС бойынша провизиялар 2018 жылы 2013 жылмен салыстырғанда 85,7%-ға, 2017 жылмен салыстырғанда 47,5%-ға азайған. Соның ішінде 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздарды ХҚЕС бойынша провизиялармен жабу коэффициенті 15,4%-ға төмендеген.

2-суретте жеке тұлғалар қарыздары ҚР банк секторы несиелік портфелінің (негізгі борыш) құрылымында 2013 жылдан 2019 жыл аралығында 1,68 трлн теңге немесе 50,8%-ға өскен.


Мұнда (1-кесте – ҚР банк секторы несиелік портфелінің сапасында көрсетілгендей):

- бірінші топта несиелік уақытылы толық қайтарылуы (стандартты қарыздар) 1,32 трлн теңге немесе 72,8%-ға өскен;
- екінші топта қаржылық жағдайы тұрақты, 1 күннен 30 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар 0,05 трлн теңге немесе 41,7%-ға көбейген;
- үшінші топта қаржылық жағдайы күдікті қарыз алушыларға берілген қарыздар 0,01 трлн теңге немесе 20%-ға артқан;
- төртінші топта жеткілікті пайда ала алмаған және ұзақ мерзімді қарызы бар

(61 күннен 90 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар) ешқандай өзгеріссіз қалған, себебі 6 жыл аралығында тұрақты көрсеткішті көрсеткен;

– бесінші топта өтемпаздығы жоқ ба-

лансты қарыз алушы мен банкроттығы мойындалған (90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар), керісінше 0,18 трлн теңге немесе 30,5%-ға кеміген, яғни проблемалық несиенің мөлшері азайған.



Сурет 2. Жеке тұлғалар қарыздарының сапасы (трлн теңге) *

* Автормен құрастырылған. Дерек көзі [6, 7]

ХҚЕС бойынша провизиялар 2019 жылы 2013 жылмен салыстырғанда 8,7%-ға төмендегенімен, керісінше, 2017 жылмен салыстырғанда 13,5%-ға жоғарылаған. Соның ішінде 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздарды ХҚЕС бойынша провизиялармен жабу коэффициенті 11,5%-ға төмендеген.

Жабылған банктердің әсерін ескермеген күннің өзінде, активтерінің өсімі 2018 жылы шамамен 8%-ды құраған, бұл инфляция деңгейінен сәл жоғары.

Қазақстан Республикасының «Банктер және банк қызметі туралы» Заңына сәйкес банктердің күмәнді және үмітсіз активтері және (немесе) екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын ұйым иеленген банктің күмәнді және үмітсіз активтер бойынша талап ету құқықтары осы тармақтың бірінші

бөлігінде көрсетілген, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған ұйымның жарғылық капиталына салым болуы мүмкін. Сондай-ақ екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын ұйыммен бірлесіп күмәнді және үмітсіз активтерді иеленетін ұйым құруға да (иеленуге) құқылы [4].

Коммерциялық банктердің мақсаты кез келген несие мекемесі сияқты пайда табу, бәсекелестік қарым-қатынастар, жаңа қызмет түрлерін іздеу және банк өнімдерінің жаңа түрлерін шығаруды анықтайды. Жоғары сапалы банктік қызметтерді қамтамасыз ету алдыңғы қатарға шығады.

Жоғарыдағы талданған қаржы көрсеткіштерінен (1-кесте және 1, 2-суретте) ҚР банк секторының активтердің өтемпаздығы құрамындағы несие портфелінің сапасы,

соның ішінде заңды тұлғалардың проблема-лық несиелер жағдайынан жеке тұлғалардың проблемалық несиелер жағдайы өте жоғары.

Қорытынды. Банкаралық бәсекелестікте «күшті банк жүйесін» құрудағы өзекті мәселелердің шешу жолдарын мынадай ұсыныстармен қорытындылауға болады:

- банк секторында коммерциялық қызмет бостандығын шектеуге әкеліп соқтыратын іс-әрекеттерді болдырмау арқылы банк секторындағы қызмет пен бәсекелестікті дамыту үшін тең жағдайды қамтамасыз ету;
- халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру;
- қаржы инновациясына қызығушы-

лығын жоғарылату;

- заңды және жеке тұлғалардың ақпараттық технологияларды меңгеруі;
- шағын және орта кәсіпкерлерді несиелендірудегі мемлекеттік бағдарламалардың шынайы мақсатта жүзеге асырылуы;
- жаңа қаржылық қызметтерді енгізу және оларға қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- «Проблемалық несиелер қоры» АҚ мен «Қазақстанның тұрақтылық қоры» АҚ қызметін сауықтыру банктерінің баланстық процестерін жеделдету және олардың сапасыз активтерді «тазарту» қызметін едәуір жақсарту;
- қаржылық қадағалау мен мониторингті күшейту.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Синки Дж. Финансовый менеджмент в коммерческом банке и в индустрии финансовых услуг. – М.: Альпина Паблишер, 2019. – 1018 с.
2. Садвокасова К.Ж. Совершенствование банковского регулирования и надзора в Республике Казахстан: теория и практика: Моногр. – 2-е изд. доп. – Алматы, 2018. – 348 с.
3. Хамитов Н.Н. Банковский менеджмент: Учеб. пособие. – Алматы: Отан, 2015. – 120 с.
4. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 31 тамыздағы №2444 Z952444_ Заң күші бар Жарлығы. Интернет-ресурс: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002444>
5. Мелкие казахстанские банки с проблемными кредитами скорее всего будут ликвидированы. <https://kursiv.kz/news/banki/>
6. 2010-2019 жылдар аралығындағы ҚР Ұлттық банктің есебі. Интернет-ресурс: <http://www.nationalbank.kz>
7. 2013-2019 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасы банк секторының ағымдағы жағдайы. Интернет-ресурс: <http://www.nationalbank.kz>
8. Moody's агенттігінің сарапшылары. <https://kursiv.kz/news/tendencii-i-issledovaniya/2019-02/2018-zhyl-bank-sektory-ushin-kanday-boldy>

REFERENCES

1. Sinki J. Financial management in a commercial bank and in the financial services industry. – M.: Alpina Publisher, 2019. – 1018 s. [in Russian].
2. Sadvokasova K.Zh. Improving banking regulation and supervision in the Republic of Kazakhstan: theory and practice: Monogr. – 2nd ed. add. – Almaty, 2018. – 348 s. [in Russian].
3. Khamitov N.N. Bank Management: Textbook. – Almaty: Homeland, 2015. –120 s. [in Russian].

4. The law of the Republic of Kazakhstan dated 31 August 1995 №2444 Z952444_ «On banks and Banking Activities in the Republic of Kazakhstan». Internet resource: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002444> [in Kazakh].

5. Small Kazakhstan banks with bad loans are likely to be liquidated. <https://kursiv.kz/news/banki/> [in Russian].

6. Report of the National Bank of the Republic of Kazakhstan for 2010-2019. Internet resource: <http://www.nationalbank.kz> [in Kazakh].

7. Current state of the banking sector of the Republic of Kazakhstan for 2013-2019. Internet resource: <http://www.nationalbank.kz> [in Kazakh].

8. Moody's experts. <https://kursiv.kz/news/tendencii-i-issledovaniya/2019-02/2018-zhyl-bank-sektory-ushin-kanday-boldy> [in Kazakh].

Н. Хамитхан, Н.В. Кабашева

**АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ПОСТРОЕНИЯ «СИЛЬНОЙ БАНКОВСКОЙ СИСТЕМЫ»
В МЕЖБАНКОВСКОЙ КОНКУРЕНЦИИ: АНАЛИЗ И ОЦЕНКА**

Аннотация

В статье поднимается проблема определения несоответствия банковского сектора необходимым требованиям для повышения финансовой устойчивости и конкурентоспособности. В связи с этим, для оценки изменений финансовых инноваций в формировании «сильной банковской системы» в конкурентоспособности банковского сектора РК с целью предоставления качественных продуктов и оказания услуг, основываясь на концепции Д. Синки «ФОКУС», возникла необходимость повышения качества управления активами банка. Качество управления активами банка напрямую связано с ликвидностью активов (качеством кредитного портфеля). Объектом исследования была выбрана активная деятельность банковского сектора.

Проводя данные исследования, проанализировав структуру качества кредитного портфеля банковского сектора и структуру качества кредитного портфеля юридических и физических лиц, была дана оценка ежегодному состоянию проблемных кредитов. Поэтому было отмечено, что в связи с определением коэффициента покрытия займов с просроченной задолженностью более 90 дней провизиями по МСФО, при финансовой поддержке государства были списаны проблемные кредиты с возможностью замены проблемных кредитов стандартными кредитами. В том числе были даны заключения на основании анализа и сравнительной оценки объемов сомнительных и безнадежных кредитов юридических и физических лиц.

N. Khamithan, N. Kabasheva

**TOPICAL ISSUES OF BUILDING A «STRONG BANKING SYSTEM»
IN INTERBANK COMPETITION: ANALYSIS AND EVALUATION**

Annotation

The article raises the problem of determining non-compliance with the requirements necessary to improve the competitiveness and financial stability of the banking sector. In this regard, in order to assess changes in financial innovations in building a «strong banking system» in the competitiveness of the banking sector of the Republic of Kazakhstan in order to provide quality products and services, it became necessary to improve the quality of asset management of the Bank, based on the concept of D. Sinki «FOCUS». The quality of the Bank's asset management is directly related to the liquidity of

assets (the quality of the loan portfolio). Activities of the banking sector was selected as the object of the study. After conducting these studies, analyzing the quality structure of the credit portfolio of the banking sector and the quality structure of the credit portfolio of legal entities and individuals, an assessment of each annual state of problem loans is given. Therefore, due to the determination of the provision coverage ratio under IFRS for loans with overdue debts of more than 90 days, with the financial support of the state, problem loans were written off, allowing to replace them with standard loans. In particular, the volume of doubtful and bad loans to legal entities and individuals was analyzed and conclusions were given.

